

«АЛТАЙДЫҢ АСҚАҚ ЖЫРШЫСЫ»
қалалық педагогикалық оқуының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай өткізілетін «Алтайдың асқақ жыршысы» қалалық педагогикалық оқу (бұдан әрі – педоқу) ережесі педоқудың мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, педоқуға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Ұйымдастырушы: «Әдістемелік орталығы» МКҚК

1.3. Педагогикалық оқуға жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері (Т1) қатыса алады.

II. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті оқуды жандандыру мақсатында ұлттық сөз өнерінің зергері Оралхан Бөкей шығармаларының заманауи білім беру жүйесінде алатын орнын, шығармаларында дәріптеген құндылықтар мен асқақ ойларын насихаттау.

Міндеттері:


- педагогтерге кәсіби қолдау көрсету;
- мұғалім кәсібінің мәртебесін көтеру;
- мұғалімдерді өз кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- озық педагогикалық іс-тәжірибелерді насихаттау және тарату;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін, ой өрісі биік, парасатты өзіндік авторлық, ғылыми-әдістемелік шеберлігі қалыптасқан педагогті анықтау.

III. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУДЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Педагогикалық оқуды ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін комиссия мүшелері құрылады.

3.2. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

3.3. Қалалық комиссия құрамы педоқудың бірінші кезеңін онлайн форматта жүргізіп, екінші кезеңге баратын педагогтерді анықтайды.



3.4. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.5. Педоқу екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең онлайн, екінші кезең офлайн өтеді.

3.6. I кезең 25 қыркүйек күні онлайн форматта өтеді. Қатысушы 25 қыркүйекке дейін 1-қосымшаға сай Өтінімді және негізгі талаптар бойынша орындалған жұмысты shkolny_otdel_208@mail.ru поштасына жіберуі қажет. I кезең бойынша қабылданған жұмыстарды комиссия құрамы жұмысқа қойылатын талаптарға сай іріктеп, келесі кезеңге өткізеді. II кезеге өткен қатысушының жеке поштасына 27 қыркүйек күні өткендігі туралы білім беру ұйымдарына хат жіберіледі.

3.7. II кезең 30 қыркүйек күні өтеді. II кезеңге I кезең іріктеуінен өткен жұмыстар жіберіледі. Өтетін орны, уақыты қосымша хатпен жіберіледі.

IV. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ БАҒЫТЫ:

Педагогикалық оқуға ұсынылған жұмыстар берілген тақырыптарға мазмұндас келуі тиіс:

1. «О. Бөкей шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту»;
2. «О. Бөкей шығармаларындағы өмір шындығы»;
3. «О. Бөкей шығармаларындағы ұлттық құндылық»;
4. «О. Бөкей шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту».

V. ЖҰМЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Қатысушылар жұмыстарын (мақала, баяндама, автореферат, авторлық жұмыс, жоба, зерттеу жұмыстары т.б.)

7.2. Көрнекі құралдар (АКТ), бейнефильм үлгісімен және тағы басқа жабдықтармен қамтылуына болады. Жұмыс мазмұнды, нақты, стильдік құрылымы анық, сауатты жазылуы тиіс.

7.3. Жұмыстың рәсімделуі:

а) Баяндама мәтіні 5 парақтан аспауы, беттері нөмірленген, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылған болуы керек.

ә) Парақтың параметрлері: қағаз форматы А4, жоғарғы жағы – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см, жоғаралық 1 интервалмен, жаңа жол (абзац) – 0,9 см. Қолжазба 14 шрифте, Times New Roman немесе KZ Times New Roman-мен терілуі қажет.

б) Әдебиеттер тізімі жұмыста көрсетілу тәртібіне қарай мақаланың соңында жазылады. Сілтеме берілген әдебиеттер жұмыс мәтінде квадрат жақшаның ішінде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сәйкес нөмірмен көрсетілуі керек. Дәйектеме (цитата) қолданған жағдайда бірінші міндетті түрде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сәйкес нөмірі және парағы көрсетіледі, мысалы (1, 256 бет).

7.4. Материалға қойылатын талап:

1. жұмыс мазмұнының педагогикалық оқулар бағыттарына сәйкестігі;
2. жұмыс тақырыбының өзектілігі;
3. мәселені мазмұнды және нақты қою;
4. тақырып өзектілігінің және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерінің дәйектілігі;
5. ғылыми машықта баяндалуы;
6. жұмыс идеясының ерекшелігі;
7. жаңашылдығы;
8. практикаға енгізу перспективасы, автордың айқын көзқарасы;
9. материалды ұсыну қисындылығы және бірізділігі, іс жүзінде жүзеге асырылу деңгейі, нәтижеліліктің, рефлексияның болуы;
10. ҚР білім беру жүйесін дамытудың басымдықтарына сәйкестігі;
11. әлеуметтік мәнділігі.

Ескертпе: жұмыстар антиплагиатқа тексеріледі, өзіндік ерекшелік 70 пайыздан төмен болған жағдайда авторға ескерту беріледі.

VI. ҚОРЫТЫНДЫСЫ

8.1. II кезеңге өтіп, жұмысын негізгі талаптарға сай қорғаған қатысушыға Сертификат беріледі.

8.2. Қатысушы тарапынан наразылық туындағанда педоку кезеңдері аяқталғаннан кейін сол күні комиссия төрағасының атына жазбаша Арыз жазылады. Арыз 1 күннің ішінде (24 сағат) қаралып, жауап беріледі.

8.3. Қатысушы өз жұмысының мазмұнына, сауаттылығына жауапты.

8.4. Ұсынылған жұмыстарға түсініктеме берілмейді және ол жұмыс қайтарылмайды.

Ескертпе: Туындаған сұрақтар бойынша 87751178221 байланыс телефонына хабарласуға болады.

қосымша

**«Алтайдың асқақ жыршысы» (Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай) қалалық педагогикалық оқуына қатысуға
ӨТІНІМ**

_____ педоқуға қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Педагог туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Білім беру ұйымының атауы, электронды мекенжайы	
3	Жұмыстың тақырыбы	
4	Байланыс телефоны	
5	Эл.поштасы	

Мектеп директоры мөрі, қол _____